«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Т. Рысқұлов ауданы,
Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі 76
тел.:2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ
ОБРАЗОВАНИЯ РАЙОНА
Т. РЫСКУЛОВА УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

Район Т. Рыскулова,
село Кулан, улица Жибек жолы 76
тел.:2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

11.11.2026 №20-02-1997

Т.Рысқұлов ауданының білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарының директорларына

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығының 10.11.2026 жылдың № 01-03/1141 санды шығыс хатына сәйкес, **2026 жылдың 23 қараша** күні көркем еңбек пәні мұғалімдері арасында **«Үздік шығармашылық жұмыс»** атты аудандық сырттай шығармашылық байқау өткізетінін хабарлайды.

Осыған орай , байқау ережесіне сәйкес аудандық іс-шараға қатысатын мұғалімдердің сұраныстары мен шығармашылық жұмыстары **2026 жылдың 20 қараша** күнінен кешіктірмей аудандық білім бөлімінің әдіскері Н.Дархамбековаға жіберілуін қамтамасыз етулеріңізді сұрайды.

Ескерту! Байқаудың ережесі электронды пошталарыңызға жіберілді. Мерзімінен кешіктірілген сұраныстар қабылданбайды.

Қосымша: 2 бет (Байқау ережелері)

Басшының м.а. **А.Базаркулова**

Орындаған: Н.Дархамбекова
Тел: 87028862370

« Бекітемін»
Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысының
міндетін атқарушы
_____ А.Базаркулова
«_11_» ____Ақпан_____ 2026ж

Аудандық «Үздік шығармашылық жұмыс» атты сырттай байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже аудандық «Үздік шығармашылық жұмыс» байқауының (бұдан әрі – Байқау) мақсатын, міндеттерін, қатысу шарттарын, өткізу тәртібін және бағалау өлшемдерін айқындайды.

1.2. Байқауды ұйымдастырушы: Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі.

1.3. Байқау педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамытуға, авторлық жұмыстарын таныстыруға және озық тәжірибелерін таратуға бағытталған.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. **Мақсаты:** педагогтердің шығармашылық шеберлігін жетілдіру, ұлттық және заманауи өнер бағыттарындағы үздік авторлық жұмыстарды анықтау және насихаттау.

2.2. **Міндеттері:**

- Педагогтердің шығармашылық ізденісі мен кәсіби дамуын қолдау;
- Ұлттық мәдениет пен қолөнер дәстүрлерін дәріптеу;
- Шығармашылық жұмыста жаңа әдістерді, материалдар мен цифрлық құралдарды қолдануға ынталандыру;
- Педагогтер арасында тәжірибе алмасуға жағдай жасау;
- Үздік жұмыстарды білім беру тәжірибесінде қолдануға ұсыну.

3. Байқауға қатысушылар

3.1. Байқауға көркем еңбек пәнінің педагогтері қатыса алады.

3.2. Әр қатысушы бір номинация бойынша шығармашылық жұмысын ұсынады.

3.3.Жұмыс жеке орындалуы тиіс. Өзге автордың жұмысын өз атынан ұсынуға жол берілмейді.

3.4. Бұрын басқа байқауларда жүлделі орын алған жұмыстар осы Байқауға қабылданбайды.

4. Байқау бағыттары

4.1. Шығармашылық жұмыстар төмендегі бағыттар бойынша қабылданады:

1. «Табиғи материалдардан жасалған сәндік жұмыстар»
Сипаттамасы: бұл номинацияға табиғи шикізаттарды қолдану арқылы жасалған көркем бұйымдар мен паннолар қабылданады.

Қолданылатын материалдар: ағаш (жоңқа, бұтақтар, тамырлар), қабық (тоз), құрғақ гүлдер мен жапырақтар (флористика), дәндер мен тұқымдар, сабан, мүк, тастар, бақалшақтар (ракушки) және т.б.

Бағыттары: ағаштан түйін түю, мозаика, флористикалық композициялар, табиғи материалдардан жасалған мүсіндер.

2.«Ұлттық сәндік-қолданбалы өнер және халықтық қолөнер»
Сипаттамасы: қазақ халқының және өзге де халықтардың дәстүрлі қолөнер түрлерін, мәдени мұрасын сақтай отырып жасалған, ұлттық нақыштағы бұйымдар.

Қолданылатын материалдар: ағаш, металл, сүйек, қыш (балшық) және аралас материалдар.

Бағыттары: ағаш оймашылығы (ыдыс-аяқтар, сандықтар), зергерлік өнер (сақина, білезік, алқа), қыш құмыра жасау (керамика), ши тоқу, дәстүрлі қару-жарақ, тұрмыстық бұйымдардың модельдері мен реконструкциялары.

3.«Қалдық материалдардан жасалған көркем бұйымдар»
Сипаттамасы: Тұрмыстық қалдықтар мен ескі заттарға «екінші өмір» сыйлау арқылы жасалған, экологиялық маңызы бар шығармашылық жұмыстар.

Қолданылатын материалдар: пластик ыдыстар мен қақпақтар, картон қораптар, қағаз қалдықтары (папье-маше, квиллинг), ескі күйтабақтар (винил), сымдар, металл қалдықтары, автомобиль бөлшектері, шыны ыдыстар.

Бағыттары: эко-дизайн, интерьерге арналған мүсіндер мен арт-объектілер, қалдықтардан жасалған сәндік құрылғылар мен ойыншықтар.

4. «Шиден жасалған жұмыстар»
Сипаттамасы: ши сабақтарын жіппен немесе түрлі түсті жүнмен орап, тоқу және өрнектеу арқылы орындалған, ұлттық қолөнер дәстүрі мен заманауи көркемдік шешімдерді үйлестіретін сәндік-қолданбалы жұмыстар.

Қолданылатын материалдар: тазартылып, кептірілген ши сабақтары, табиғи немесе боялған жүн, жүн және мақта жіптері, баулар, безендіруге арналған моншақтар мен мата қиындылары.

Бағыттары: ақ ши, ораулы ши және шым ши тоқу; ұлттық ою-өрнекті ши бұйымдары; шиден жасалған сәндік паннолар, қабырға әшекейлері, интерьерлік қалқалар және авторлық композициялар.

5. «Қайыс пен былғарыдан жасалған көркем бұйымдар»

Сипаттамасы: табиғи немесе жасанды былғарыны және қайыстарды көркемдеп өңдеу арқылы жасалған бұйымдар.

Қолданылатын материалдар: ірі және ұсақ малдың иленген терісі, былғары қиындылары, күдері (замш), сәндік баулар, металл фурнитуралар.

Бағыттары: былғарыдан жасалған паннолар мен суреттер, торсықтар, қамшылар, белдіктер, сөмкелер, әмиян мен мұқабалар, былғарыны бедерлеу (тиснение), ою және өру техникасымен жасалған бұйымдар.

4.2. Жұмыстың тақырыбы еркін. Авторлық идеясы, көркемдік шешімі және мазмұны өзара үйлесуі қажет.

5. Өткізу мерзімі мен тәртібі

5.1. Аудандық Байқау 2026 жылдың 23 қараша күні өткізіледі.

5.2. Облыстық Байқау 2026 жылдың 25-26 қараша күндері өткізіледі.

5.3. Өткізілетін орны: Ю.Гагарин атындағы негізгі мектебі.

5.4. Белгіленген мерзімнен кеш түскен немесе толық ұсынылмаған материалдар бағалауға жіберілмейді.

6. Ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптар

6.1. Қатысушы төмендегі материалдарды ұсынады:

- осы Ережеге сәйкес сұраныс;
- шығармашылық жұмыс;
- жұмыс туралы ақпараттық заттаңба (жұмыстың атауы, автордың толық аты-жөні, аудан/қала және білім беру ұйымы, қатысатын номинациясы);

6.2. Авторлық құқықты бұзатын материалдар қабылданбайды.

7. Қазылар алқасы

7.1. Жеңімпаздар қазылар алқасының шешімімен бағалау критерийлеріне сәйкес анықталады.

7.2. Байқау қорытындысы хаттамамен рәсімделеді.

8. Қорытынды шығару және марапаттау

8.1. Әр номинация бойынша I, II және III орын иегерлері анықталады.

8.2. Жеңімпаздар дипломдармен марапатталады.

_____ орта мектебінен
«Үздік шығармашылық жұмыс» атты
аудандық сырттай байқауына
СҰРАНЫС

№	Педагогтің аты жөні	Мектеп атауы	Номинация атауы	Тақырыбы
1.			«Табиғи материалдардан жасалған сәндік жұмыстар»	
2.			«Ұлттық сәндік-қолданбалы өнер және халықтық қолөнер»	
3.			«Қалдық материалдардан жасалған көркем бұйымдар»	
4.			«Тоқыма және жүннен жасалған сәндік бұйымдар»	
5.			«Қайыс пен былғарыдан жасалған көркем бұйымдар»	

Мектеп директоры _____ (Т.А.Ә.)